



АЙТЖАН ИСАҚОВ

ТЕМІРТАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ

(ЕҢБЕКПЕН ШЫҢДАЛҒАН ТҮЛҒАЛАР)

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ЖАДЫНАМА

ТЕМІРТАУ, 2025

011

A 32

A 32

Айтжан Исақов. Теміртау қаласының құрметті азаматы. КСРО спорт шебері. Халықаралық спорт шебері: библиографиялық жадынама/ Теміртау орталық кітапханасы: құраст. К.А. Жанашева. – Теміртау. - 2025. – 16 б. **(Еңбекпен шындалған тұлғалар).**

**Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлімі**

АЙТЖАН ИСАҚОВ

Теміртау қаласының құрметті азаматы

КСРО спорт шебері

Халықаралық спорт шебері

(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)

библиографиялық жадынама

Теміртау, 2025

ОҚЫРМАНҒА

Айтжан Исақов – ардагерлер арасындағы екі дүркін әлем рекордшысы, ауыр атлетикадан спорт шебері. Тұғырынан таймай, спорттың пауэрлифтинг түрімен тұрақты түрде айналысып келе жатқан Айтжан Исақовтың еңбегі еленіп, *«Теміртау қаласыны құрметті азаматы»* атанды. А. Исақовтың өнегелі ісі мен еңбек жолы өскелең ұрпаққа үлгі боларлықтай-ақ, ғибратты.

Жастарды еңбекке баулу мақсатында **«Еңбекпен шыңдалған тұлғалар»** топтамасымен

библиографиялық жадынама құрастырылды. Жадынаманы құрастыру барысында «Өлкетану» электронды каталогы, ғаламтор қолданылды.

Қалың оқырман жұртшылыққа арналған

Айтжан Исақов Қазақстан мен Азияның бірнеше дүркін чемпионы, абсолютті чемпион және ардагерлер арасындағы екі дүркін әлем рекордшысы, ауыр атлетикадан спорт шебері. Сексеннің сеңгірін бағындырған ақсақал арқасына 180 келілік штангамен оп-оңай шалқая алады.

...Көшеде кетіп бара жатып, көзінің қыры бағанаға жапсырулы тұрған жарнамаға түскен ол кілт тоқтай қалды. Тепсе темір үзетін жас әскер қатарынан келіп, бойындағы күшқайраты тасып тұрған шағы еді бұл. Өмірге деген құштарлық оны алғаш рет спортқа осылай бастап келді. Бұл 1968 жыл болатын. Содан бері салауатты өмір салтын ұстанып, ауыр атлетикадан бір сәт те қол үзбеген Айтжан Исақов талай байрақты бәсекені бағындырып, теміртаулықтардың мерейін үстем етіп жүр. Спорттағы жеңісі ұзақ

күттірмеді. 1969 жылы ел біріншілігін жеңіп алып, жерлестерінің алдында абыройы асқақтады. Мұны сол кездегі аға жаттықтырушы В. Нечипуленко байқап, Айтжан Исақовты Теміртауға шақырды.



Мұнда келе салысымен комбинатқа теміржол цехының вагон құрастырушысы болып жұмысқа орналасып, пәтермен қамтылған ол өзіне артылған сенімнің қаншалықты салмақты екенін сезініп, күндіз маңдайынан еңбек терін сорғалатса, жұмыстан бос уақытында ауыр атлетика бойынша жаттығып, одан сайын шыңдала түсті. 1977

жылы Мәскеуде спорт шебері атағын қорғады. 2012 жылы Көкшетау қаласында өткен республикалық жарысқа Айтжан ақсақал қарағандылықтардың атынан қатысуы тиіс еді. Тұңғышы өмірден өтіп, қайғыдан қабырғасы қайысып отырған ол белді бекем буып, өз қайғысынан ел мүддесін жоғары қойып, тағы да адам таңғаларлық батылдық жасады. Сөйтіп, Көкшетаудан жетінші рет ел чемпионы болып оралды. Спорттың пауэрлифтинг түрінен 74 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, 380 келіні бағындырды. Бұл да үлкен-кішіге өнеге болатын қайсарлық. Айтжан ақсақал нағыз парасатты азамат болумен қатар спортшы, шежіреші, айналадағы елді мекендер мен жер-су аттарының қашан, қалай аталғандығы жөнінде тарихи деректі әңгімелерді де майын тамызып айтады. Енді бір сәт те қолына

домбырасын алып, дәстүрлі әндер мен термелерді төгіп-төгіп жібереді.

Әу баста, мені спортқа итермелеген де менің денсаулығым деген жауапкершілік болса керек. Оған қоса салауатты өмір салтын ұстанып, айналамдағылардың жаманнан жиреніп, жақсыдан үйреніп жүруіне ықпалым болды. Мен спортты, спорт мені тапты.



Ең бастысы, спортпен жұмыстан бос уақытымда айналысамын, еңбектен ешқашан қол үзгенім жоқ, - дейді Айтжан ақсақал. Ғұмырының қырық жылын комбинатқа

арнаған Айтжан Исақов 1999 жылы «Комбинат ардагері» деген құрметке лайықты деп танылғанды. Білімге деген құмарлық оны 60 жасында жоғарғы оқу орын бітіріп, диплом алуға жетеледі. Содан бері қаншама жыл өтсе де, зейнетте жүрсе де біраз уақыт қалалық соттың жұмыскері болды, ақсақалдар алқасының мүшесі ретінде қаламыздың дамуына өз үлесін қосып келеді. Шаһарымыздағы «Жастар» жүзу бассейнінде жаттығу залдарының да бар екенін жұртшылық жақсы біледі. Өнебір жылдары қала басшылығы чемпион қартқа осындағы залдың нұсқаушысы болуына ұсыныс айтқанды, оны қабыл алған ақсақал келушілерге бағыт-бағдар беріп, ақыл кеңесін айтудан жалыққан емес. Айтжан ақсақал біраз уақыт қалалық соттың қызметкері болды, ақсақалдар алқасының мүшесі ретінде қаламыздың

дамуына өз үлесін қосып келеді. «Қалауын тапса-қар жанар» демекші, зіл темірлердің де ебін тапсаң денсаулығыңа берер пайдасын түсіндіріп, үйретумен келеді.

Тұғырынан таймай, спорттың пауэрлифтинг түрімен тұрақты түрде айналысып келе жатқан Айтжан Исақовтың еңбегі еленіп, **«Теміртау қаласыны күрметті азаматы»** атанды. Бүгінде ол пауэрлифтингтен ардагерлер арасында Қазақстанның 24 дүркін, Азияның 2 дүркін, 12 рет әлем чемпионы, оның 4-інде рекордсмен атанды!

Айтжан Исақов туралы:

Алдашева, Р. Арманның ақиқатқа айналары анық [Мәтін]: [комбинат ардагері, пауэрлифтингтен бірнеше мәрте рекордсмен атанған Айтжан Исақов ақсақалдың өмірі туралы] / Р. Алдашева // Temirtay tynysy.- 2025.- 28 ақпан (№6).- 6 б.

Алдашева, Р. Арманның ақиқатқа айналары анық: [Теміртау тұрғыны, ауыр атлет, ел чемпионы Айтжан Исақов ақсақал туралы] / Р. Алдашева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 19 қазан (№42).- 11 б.

Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы жүзеге асырып жатқан «Ұмытылмас жан» жобасы аясында жастар мен жоба кейіпкерлері арасында кездесулер өтті [электрондық ресурс]қол жеткізу режимі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-ishki-sayosat/prees/news/details/661639> (20.05.25.)

Құттықтау [Мәтін]: [ардагер спортшы, металлург Айтжан Исақовқа арналған құттықтау] // Отан-Заман.- 2018.- 17 қазан (№39).- 12 б.

Оразымбетова, Қ. Бәрінен де биік бақыт. [электрондық ресурс]: қол жеткізу режимі <https://egemen.kz/article/325271-barinen-de-biik-baqyt>

Өнегелі өмір [электрондық ресурс]қол жеткізу режимі: <https://temcenter.kz/ajtzhan-isa-ov/> (20.05.25.)

Тағы да ел чемпионы атанды: [ҚР классикалық пауэрлифтингтен 2-ші ашық чемпионатта ардагерлер арасынан жеңімпаз атанған теміртаулық Исақов Айтжан ақсақал туралы] // Құрыш қала.-теміртау. - 2014. -2 мамыр (№18). – 4 б.

«Төрт тоқсан-төрт өнер». Спорт шебері, жазушы, ақын Исақов Айтжан мен Марат Үмбетәліұлы ақын ағаларымыз қонаққа келді. [электрондық ресурс]: қол жеткізу режимі: [https://](https://dshizhubanova.kz/kk/%D1%82%D3%A9%D1%80%D1%82-%D1%82%D0%BE%D2%9B%D1%81%D0%B0%D0%BD-%D1%82%D3%A9%D1%80%D1%82-%D3%A9%D0%BD%D0%B5%D1%80-%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%80%D1%82-%D1%88%D0%B5%D0%B1%D0%B5%D1%80/)

<https://dshizhubanova.kz/kk/%D1%82%D3%A9%D1%80%D1%82-%D1%82%D0%BE%D2%9B%D1%81%D0%B0%D0%BD-%D1%82%D3%A9%D1%80%D1%82-%D3%A9%D0%BD%D0%B5%D1%80-%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%80%D1%82-%D1%88%D0%B5%D0%B1%D0%B5%D1%80/>



ОК. Победа көшесі, 12 үй
Телефоны: 8(7213) 98-47-60
ОК сайты: www.kulturatem.kz
e-mail: tcs.gb@mail.ru